



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатыны туралы

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жыл, 26 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі **2022 жылдың 27 шілдесінен бастап** «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» атты монеталар сериясынан «ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL» коллекциялық монеталарының сатылымға шығатынын хабарлайды.

Монеталар www.kazcoins.nationalbank.kz платформасында ҚҰБ интернет-дүкені арқылы сатылады.

«ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL» монеталарының сипаттамасы:

Номиналы 100 теңгелік мельхиордан соғылған монета «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясын жалғастырады. 2022 жылы КСРО халық артисі, Қазақстанның Халық қаһарманы, қазақтың опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толды.

Монета аверсінің орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның оң жағы мен сол жағында ою-өрнек элементтері орналасқан. «QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу монета жиегімен айналдыра жазылған. Төменгі бөлігінен монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» жазуын көруге болады.

Монета реверсінде Роза Бағланованың суреті, портреттің сол жағында мерейтойлық датаны білдіретін «100 JYL» деген жазу бар, монета жиегінде «Ах, Самара-городок» әнінің ноталары, «ROZA BAĞLANOVA» деген жазулар айналдыра басылған, сол жағында – монетаның шыққан жылын білдіретін «2022» деген жазу бар.



МН25 қоспасынан жасалған номиналы 100 теңгелік монетаның массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», таралымы – 15 000 дана.

Монета коллекциялық құны тұрғысынан сатуға арналған. Олар белгіленген құнына сай Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлем түрі бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде аудару, ұсақтау және айырбастау үшін қабылдануға жатады.

Коллекциялық монета Қазақстанның теңге сарайында жасалған.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz